

ТАМАША ПОСТАНОВКА



Орыс драма театрының коллективі дайындаған «Түнгі сарын» пьесасының постановкасын өте қуанышпен көрдік. Менің ойымша, орыс драма театры творчестволық өсу жолында. Жалғыз орыс пьесаларын емес, ойнауларына өте қиын қазақ пьесаларын да меңгеріп алуға жарағанын көрсетіп отыр. Өйткені бұрын бостандық үшін күрескен қазақ кедейлерінің геройының образын, бостандыққа қарсы қанды шеңгелін ашқан қасқырдың қабанындай қара жүзді байлары мен болыстарының образын қазақ театрының сахнасынан ғана көруші едік, бүгін орыс театрының сахнасынан да көрдік.

Әсіресе, артистердің дикциясы өте күшті, олардың сахнадағы сөздері зрительдерге толық жетіп отырды. Осыдан «Түнгі сарындағы» әрбір сөз әсерлі шықты.

«Түнгі сарынды» көрсету жөнінде режиссер де, бүкіл творчестволық коллектив те ізденіп, зерттегенін көрсетті. Өйткені қазақ пьесасын ойнап жүрген артистердің орыс екені тек сөзінен ғана білінеді. Әсіресе Жүзтайлақ, Маржан, Жантас, Майқан, Қыдыш, мұғалімнің рөлін атқарған артистер таңғаларлық көрнекті образ жасай білген.

Бұл табысқа бүкіл жұртшылығымыз қуанады. Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театры кеше орыс классигі Гогольдің «Ревизорын» ойнап, Қазақстан көркемөнеріне бір үлкен жаңа табыс қосып еді, орыс драма театрының қазақ пьесасын орыс сахнасына шығара білуі – екінші басты табысымыз болып саналуы керек.

«Түнгі сарын» постановкасының ұсақ кемшіліктері де бар. Ол – жүре түзелетін кемшіліктер. Туысқан орыс артистерінің алғашқы қадамына құтты болсын айтамын! Қазақ пьесаларын орыс зрительдеріне көрсете беруіне тілектеспін!

«Социалды Қазақстан», 1936, март